

FTAMP 16.31.02

Б.Қ. Қамызанова¹ (orcid-0000-0002-7760-5564) – негізгі автор,
А.Салқынбай² (orcid-0000-0003-2334-7499)

¹Магистрант, ²Филол. ғылымд. д-ры, профессор

^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қаласы, Қазақстан
E-mail: ¹Kamyzanova-balzhan-2000@mail.ru

<https://doi.org/10.55956/JTCT5579>

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ҒЫЛЫМ» КОНЦЕПТІ: КОГНИТИВТІ-ПРАГМАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Аңдатпа. Қазіргі тіл білімі жүйесінде концептология ілімінің маңызы мен мәні айрықша. Тіл білімінде концептілердің түрлері сан алуан. Олар тілдің құрылымдық, мағыналық жүйесінде көптеген ерекшеліктерге ие. Сондай концептілердің бірі – ғылым концептісі. Мақалада Абай шығармаларындағы ғылым концептісінің тілтанымдық және қолданбалы қырлары ашылып, соған сәйкес нақты мысалдар арқылы оның ерекшеліктері, мағыналық түрлері айқындалды. Сондай-ақ, Абай шығармаларындағы «ғылым» сөзіне қатысты сөз тіркестері, ғылым ұғымын ашатын лексика-грамматикалық категориялар, логикалық, когнитивтік ұғымдардың қолданысы талқыланды. Мақалада Абай туындыларындағы ғылым ұғымын айшықтай түсетін тілдік категориялар өзге ғылым салаларымен, нақтырақ айтқанда, философия, әлеуметтану, әдебиеттану ғылымдарымен байланыста талқыланды. Ұлы ақынның қарасөздеріндегі логикалық пайымдаулар мен түсіндірмелердің когнитивті-прагматикалық ерекшелігі талданды. Сол секілді ақын өлеңдеріндегі сөз қолданыстарының, сөз тіркестерінің мазмұндық жүгі, семантикалық өрісі, түрлену ерекшеліктері айшықталды. «Ғылым» ұғымын айшықтаудағы Абайдың тілдік қолданысын моральдық-этикалық қағидаттарға сәйкес саралау арқылы ғылым ұғымының концептуалдық өрісі ашылды. Абай шығармаларының негізгі басты өзегі – ғылым. Сол үшін де Абай шығармаларындағы ғылым концептісін тілтанымдық-қолданбалылық ерекшелігіне сай талдау мақаланың басты өзектілігі болып табылады.

Тірек сөздер: концепт, когнитология, прагматика, ғылым, семантика, сөз тіркесі, моральдық этика, фрейм, супиндік мағына.

Кіріспе. Жалпы әлемнің тілдік когнитивті бейнесі концептосфера ұғымы бойынша зерделенеді. Концептілік жүйенің басты қызметі – ұлттық ұғымдарды бір мазмұнға топтастырып, жүйелеу болып табылады. Ол – біртұтас құрылым. Ол – белгілі бір халықтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, ойлау танымын, менталдық ерекшелігін, менталитетін, географиялық ортасын, тарихын қамтитын күрделі тұтас жүйе. Әрбір халықтың тарихы мен мәдениеті, тілі, ғылымы қаншалықты бай болса, концептосферасы да соншалықты бай болады. «Концепт» ұғымы ерекше сипатқа ие болған этникалық бірлік. Соның ішінде ұлттық әдебиетімізде Хакім Абайдың туындыларындағы тілдік бейнелердің танымдық сипаты қазақ халқының ұлттық символына айналған концептілер. Абай – қазақ ұлттық концептосферасының бастауы. Абай дүниетанымында әлемнің тілдік бейнесін, адам құндылықтарын көрсететін дос, береке, талап, абырой т.б. концептілер құрайды. Бұлардың ішінде ар, намыс, ұят, концептілері – қазақ халқының ұлттық символына айналған концептілер [1, 17].

Абай тақырыбы қашанда өміршең тақырып. Абайға қатысты зерделеу мен зерттеудің ешуақытта шегі мен шебі болмасы анық. «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деп тәрбиелеген Абай үшін туған халқының білім мен ғылымның жолында алға өрлеуі, танымының ашылуы, надандығымен күресуі – заманының бүкіл шындығын өзінің ақыл-ой көзқарасымен түсіре алған таңғажайып кеңдігі көз алдымызда күн көрсетіп, сәт санап дәлелденіп келеді. Сауатты, салауатты өмір жолында қажетті ресурсты болашақ ұрпағына жай ғана жеткізіп кетпеген дана Абай – әр сөз, әр астар арқылы терең түсіндіре отырып hareketке шақырды. Абай шығармаларының негізгі өзегі де – ғылым мен білім. Бүгінде Абай – әлемдік өркениет, әлемдік феномен.

Қазақ тілін семантикалық жағынан байытқан ойлы шығармалардың авторы хәкім Абайдың туындыларындағы «Ғылым» концептісін когнитивті-прагматикалық тұрғыдан қарастырмастан бұрын, ақын шығармашылығындағы ғылым ұғымын айқындап алған жөн. Ақын шығармалары тілінің лексикасын толық қамтитын Абай тілі сөздігінде *ғылым* ұғымына мынандай анықтама беріліп түсіндіріледі: «Жаратылыстың, қоғамның, ойлаудың даму заңдылығын білу жүйесі және жеке білім тараулары». Еңбекте Абай шығармаларындағы *ғылым* атауының 111 мәрте қолданылғаны көрсетіліп, фразеологиялық тіркеске құрам болып қатысқан мағыналары да ашылады. Жалпы тілдік сөздіктердің көмегімен бұл ұғымның мынадай белгілерін анықтай алдық: ғылым – өмір мен дамудың, білімнің негізі. Ғылым – өмір, ой, эволюция, ойлау, даму, ізденіс, тану жолы. Институционалдық контексте «ғылым» ұғымы ғылыми білімнің белгілі бір салаларына және оларды құрайтын ғылыми пәндерге сілтеме жасау үшін қолданылады. Қазіргі ғылым жеке ғылыми салалардың тармақталған жиынтығы болып табылады. Ал дана Абайдың ойында, ұлттық ұғымда «Абай айтқан ғылымның астары нені меңзейді, оны жеткізу тілі нені көрсетеді, концептінің аясы түсінушілерді неге жетелейді, Абайдың қазақы танымға сай ғылым деп көрсеткені қандай дүние?» деген дүниелерге тоқталып көрмекпіз.

Абай ғылым ұғымын қазақы танымға сай бейнелей алды. Абай айтқан ғылым ұғымы қарапайым түсініктерден өріліп, күрделі көкжиектерге бойлай береді. Қазақтың өзінде жазылмаған ғылымы бар. Сол танымды тереңінен тұшына білген дана Абай «ғылымның» мәйегін, сөлін ұлттық таным мен болмысқа сай етті. Біз Абайдағы «ғылым» концепті деп айтпас бұрын, танымдық ғылым тұрғысынан талдамас бұрын төмендегі дүниелерді еске түсіріп өтейік.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Мақаланы жазу барысында Абай шығармаларындағы үзінділер іріктеліп алынды. Мақаланың зерттеу нысаны – Абайдың қара сөздері мен өлеңдері. Материалдарды түсіндіруде салыстырмалы, тарихи-салыстырмалы, тарихи-функциональды, рецептивті, индукциялық, дедукциялық әдістер қолданылды.

Зерттеу нәтижелері. Когнитивизм – адам ақыл ойын, олармен байланысты менталды процестерді зерттеу объектісі етіп алған ғылымдарға бағытталады. Қазіргі кезде ғылым салаларында «когнитивті төңкеріс» туралы сөз болуда. Американдық белгілі лингвист Н.Хомский: «Когнитивтік төңкеріс ақыл-ой мен мидың жағдайын, олардың адамның когнитивті болмысына: біліміне, ұғымына, түсінігі мен сеніміне қалай ықпал ете алатынын зерттейді» (Хомский, 1999) деп жазды. Адамның білімі мен түрлі ақпараттарды қабылдауына қатысты процесс когнитивтік немесе когниция деп аталады. Оларға «интеллектуалды», «менталды», «талдамалы» терминдері синоним бола алады [2, 18].

Жиырманшы ғасырдың аяғында лингвистер белгілі бір тілде сөйлеуші адамның белгілі бір концептуалды жүйелердің тасымалдаушысы екенін түсінді. Әрбір тұжырымдама адам үшін әлем туралы принципті маңызды білімді біріктіреді. Концептілер жүйесі адамның шындықты түсінуін, оның ерекше концептуалды «сызбасын» көрсететін дүние бейнесі құрайды, соның негізінде адам дүниені танып біледі.

Қазіргі филология ғылымында Абайдың ғылыми ой пікірлері, танымдары турасында көптеген пікірлер айтылып келеді. Ол турасында жазылған зерттеулер де баршылық. Солардың бірі Абайтанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Мекемтас Мырзахметұлы. Ғалымның айтуынша, Абай Құнанбайұлы ғылым турасындағы ұғымды теориялық негізде ғана қарамайды, оның өмірде орын тепкен ұғым ретінде нақтылап өтеді [3, 18]. Ғылым деген таным, түсінік Абай заманы үшін аса қажет, тың ұғым болды. Сол үшін де Абай шығармаларындағы ғылым ұғымын тереңнен ой талқыға салғанда, білім және ілім деген тармаққа тарайтынын айтуымыз қажет. Ақын өз сөздерінде ақыл мен ғылымды адамға ғайыптан қонатын құбылыс ретінде қарамайды, жан қуаты негізінде жиған нәрсе деп ұғады. Ол үнемі ізденумен, талмай еңбектенумен, оқып үйренумен келетін құбылыс деген қорытынды береді. Абай шығармаларындағы ғылым ұғымы жеңіл-желпі қарауды қажет етпейтін, ұсақ майдагерлікке қарсы тұратын, тәрбиелік мәні жоғары, өмірдің қыр-сырын тануға бағытталған ұғым ретінде танылады. Қоршаған ортаны, айналаны терең түсіну ғылымды терең игеру арқылы қалыптасатынын айтқан. Ал, ғылым игерудегі негізгі мақсат осы аталғандар арқылы табиғат күштерін қоғамның қажеттілігіне бағындыру. Абайдың ұғымындағы ғылым өркениеті, озық мәдениетті елдерден үйрену арқылы сол ғылымды ұлт қажетіне жарату. Қандай да болсын ғылым-білімді игеруде соның тереңіне сүнгуге дағдылануды, көріну үшін немесе жарқырау үшін ғылым игерудің қауіпті екендігін Абай ескерткен. Өз бойындағы білімді үнемі жетілду туралы Абай өз шығармаларында айта отырып, ғылымға үстірт қараудан сақтандырады, яғни ғылым тек жан тәнімен берілген, салмақпен, табандылықпен қараған адамға ғана қонатындығын ескертеді. Абай бір сөзінде: «ақиқаттың тапсаң, одан өлсең да айырылып қалма», - дейді [4, 89].

Абай өз шығармаларында барлық жайттардан ғылымды биік қойған ғылым түрлеріне арнайы тоқталмаса да, өзінің отыз екінші қарасөзінде ғылым игерушілерге кеңес береді. Осы қарасөзді оқу арқылы сол қарасөзді жазған адамның ғылыммен кәсіби тұрғыдан айналысқанына күмәніңіз қалмайды [5, 24].

Ұлы ақын шығармаларындағы ғылым атауының қолдану сипатына, тілдік ерекшеліктеріне, семантикалық өрісіне тоқталсақ. Ақынның ғылымға қатысты ұғымдары көбінесе, қарасөздерінде көп ұшырасады. Абай өз қарасөздерінде білім, ғылым сөзін басқа сөздермен салыстырғанда көбірек қолданады. Себебі, оның қарасөздері – даналық айтуға бағытталған, өсиет, ақыл-өнегеге толы. Сондай қарасөздерінің бірі – отыз екінші қара сөз. Отыз екінші қарасөздің негізгі идеясы ғылым үйрену жолындағы бойдан аулақ ұстайтын қасиеттерге бағытталған. Абайдың отыз екінші сөзінен біз ғылымды меңгеруге ұмтылғандарға арналған құндылық бағдарларының белгілі бір иерархиясын табамыз: ғылыммен айналысу үшін, ең алдымен, оған де- ген ынта болу керек. Баюды, пайда табуды мақсат етпе. Егер де оған деген сүйіспеншілік болма- са, ақиқатқа жете алмайсың. Әуестенген және ізденген күндерін есінде ең жарқын күндер ретінде қалады. Көңілің мен ойың

ғылымға игі ниетте болған жағдайда ғана оның өзі де игілікке айналады. Біріншіден, алдына анық және игі мақсаттар қояды. Ғылымдағы мақсаттың анықтылығы (айқындылығы) мен қарапайымдылығы – оның құрамдас құндылықтарының бірі. Үшіншіден, — деп жазады Абай, егер сен ақиқатқа жеткен болсаң, тіпті өлімнен қорықсаң да одан қайтпа. Егер сенің білімің өзінді иландыра алмаса, оны басқа біреу бағалайды деп ойлама. Соның ішінде, Абай 6 түрлі қасиетті атап көрсетеді: ғылымды есеппен үйренбеу, білмек үшін үйрену, ақиқаттан ажырамау, ой-пікірді алмасу және оны сақтап қорғау, ақыл-ой кеселдерінен аулақ болу және ақыл-ғылымды сақтайтын мінез. Қарасөздегі ғылым ұғымын ашатын сөздердің жасалу, қолдану тәсіліне келетін болсақ, ең алдымен «ғылымды есеппен үйренбе» сөз тіркесі. «Ғылымды» сөзі сөйлемнің объектілік сипатында, «есеппен үйренбе» орындаушылық, предикаттық сипатта қолданылып тұр. Мұндағы болымсыз етістіктің -ба жұрнағы сөзге бұйыру мақсатында қолдану арқылы ескерту, аулақ болу, сақтану ұғымын білдіріп тұр. Абайдың осы қарасөзіндегі 6 түрлі кеңес бұйыру, ескерту, сұрау, құптау, мақұлдау, қуаттау мәнінде жұмсалған. Оған дәлел сөйлем соңындағы сөздердің түпкі мағынасы айқындай түседі. Отыз екінші қарасөзде ескерту мәнінде жұмсалған сөздер мен сөз тіркестерінің нәтижесінде салдар-себеп мәнді сөйлем туындайды. Мәселен, «көңілің өзге нәрседе болып, ғылым себеп үшін ғана үйренсең, ондай білімге көңілдің мейірімі шала болады. Шала мейір шала байқайды» [6, 65],-дейді ақын.

Сол секілді, автор көп қолданатын сөз керек, қажет модаль сөздер. Модаль сөздер бұйыру мәнінде сөйлемнің соңында келетіні бәрімізге белгілі. Мұнда біздің байқайтынымыз «білмек үшін үйрену керек», «берік болу керек», «көңілге бекіту керек», «қашық болу керек» сөз тіркестері. Автор қолданатын тағы бір ерекше сөз «зораяу» сөзі. «Бұлар зораймай, ғылым зораймайды», -дейді Абай. Ақын ой-пікір алмасу жөнінде айта отырып, осы нәрселердің ғылымның өрістемейтіні, алға дамымайтынын айтқысы келеді.

Ғылым жолына түскен әрбір жас Абайдың дәл осы 32-қарасөзін терең түсініп, біліп қана қоймай, оны өмірлік ұстаным-кононына айналдыруға тиіс.

Ғылыми нәтижелерді талқылау. Жоғарыда Абай шығармаларында ғылым атауының 111 мәрте қолданылғанын атап өттік. Ал ғылым сөзінің ұйытқы болуымен ақын шығармаларында мынандай тіркестер кездеседі: *ғылым табу, ғылым бағу*. Абайдың ғылым табу, ғылым бағу сынды тіркестеріне қатысты ғалым Р.Сыздықова: «бұл – білімді болу, оқу» мағынасындағы тіркес. «Білім алу, оқу» мағынасындағы ғылым оқу да осындай. Бұрыннан қазақ тіліне сипатты ел бағу, балаларды бағу дегендердің қатарына Абай ғылым бағу, дін бағу, ғылым іздеу деген жаңа тіркестер қосады». Ғалымның осы айтқандарын негіз ете отырып, Абай шығармаларындағы ғылым концептісінің бір парасын – білім сөзінің түп тамыры «*біл*» микроконцептісі құрайды дей аламыз. Абайдағы «біл» ұғымы ғылым концептісінің микроконцептісі болумен қатар, ғылым ұғымының фреймі де бола алады. Әуелі, Абайдың мына бір жұмбағына көңіл бөліп көрелік:

Сыналар, ей, жігіттер, келдіжерің,
Сәулеңболса, берменкелталаптыерің.
Жан құмарыдүниеденемеекен?
Соныбілсең – әрненібілгендерің.

Шешуі: *білмекке құмарлық.*

Абай шебер бере білген бұл жұмбақтың жауабы «біл, білу» ұғымы өрісінен ғылым концептісіне көтеріліп тұр. Ғылым *білмекке құмарлықтан* туындайды. Мұндағы *білмек, білмекке құмарлық* тіркесі Абай шығармаларының тілінде ерекше көзге түсетін -мақ,-мек тұлғасы супиндік (мақсаттық) мағынасында жұмсалған. *Білмекке құрмалық* тіркесі Абай шығармаларындағы ғылымның және біл микроконцептінің өзегін құрайтын ұғым деп айта аламыз. Ғылым концептісін ашу жолында Абайдың *біл* ұғымына зер салып көрелік:

*Баламды медресеге біл деп бердім,
Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл бөлсеңіз.
Білгендердің сөзіне
Махаббатпен ерсеңіз.*

*Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге.*

«Біл деп бердім» деген Абай ойының астары терең. Осы бір тұс Абайдың «*біл*» сөзіне жүктеген толғамының ауыр әрі мазмұнды екенін аңғартады. Жоғарыда атап өткеніміздей, Абай айтқан ғылым ұғымы қарапайым түсініктерден өріліп, күрделі көкжиектерге бойлай беретініне «біл» ұғымына қатысты айтайын деп отырған дүниелеріміз дәлел бола түседі.

Ғылымға көңіл бөлудің мәнісін Абай – *білгендердің* сөзіне махаббатпен еруден тұратындығын ашады. Жоғарыда талданған *біл* бұл жерде субстантивтеніп, Абай астарлаған ойды кеңейте түседі. Абай танымын да, Абай ғылымын да *білгендер, білгендердің сөзі* бетін қалқып алатын дүние емес, Абай *білгендерге* соншалықты мән, соншалықты сипат үстеген. Әйтпесе, Абай оған махаббатпен еруді насихаттамас еді.

Хақім Абай сол кезеңде қазақ жеріндегі тұтас ғылымның жоқ екендігіне қарамастан, оның танымдық, аксиологиялық белгілері мен ғалымның қажеттілік мақсатын көрегенділікпен айқындаған. Ғылымды насихаттауда оны мадақтауда Абай, зұлымдықтан ажырауға жәрдемдесетін адамгершілік өлшем деп таниды. Сонымен қатар, ғылым адамзаттың көрінбейтін құпияларын ашушы ғана емес, адамның ақыл-парасатын жетілдіретін құндылық ретінде бағалайды. Оның сондай қарасөздерінің бірі – 38 қарасөзі. Абай осы қарасөзде ғылымның құндылығы жөнінде кімде-кім ғылым-білімді махаббатпен көксейтін болса, оның аты сонда ғана адам болады,-дейді. Абайды ағартушы деп тану оның хақімдігіне нұқсан келтірмейді. Ағартушылық Абайдың сан қырының бірі ғана. Хақім Абайдың өзі осы сөзінде тағы да былай дейді: «Адаспай тура іздеген хақимдер болмаса, дүние ойран болар еді....Әрбір ғалым хақим емес, әрбір хақим – ғалым» [7, 95].

Абайдың бар реніші мен өкпесі өз заманына ғана емес, келер заманның адамдарына да арналған. Абай қазақтың кешегі мен сол кездегі жағдайына, бүгінгіне назар, мән беру арқылы ғылымды жол етушілерге, талап қылушыларға үлкен талап қояды, берік ұстаным ұсынады. Ол қазақ елінің болашағын оқу ғылыммен байланыстырған алғашқы ақын. Сол жолда тура жолды бағыттаған қайраткер. Оның туындыларының прагматикалық тұстары

да осы жерден көрініс тауып жатады. Ғылым-білім үйренудегі басты нәрсе – талап.

Ғылым-білім турасында Абай қолданатын сөздердің бірқатарын араб-парсы тілінен енген сөздер құрайды. Араб-парсы тілі сөздерінің тілімізде жұмсалуды төмендегідей:

- 1) Сөздің өн бойында тура мағынаның сақталуы;
- 2) Бастапқы сөз о бастағы лексикалық мағынасынан айырылып, екінші, үшінші мағыналарға ие болуы;
- 3) О бастағы мағынаның күңгірттеніп, мүлде жаңа мағынада қолданылуы

Мысалы, осы үлгіні мына өлең жолдарынан анық байқауға болады:

Білгенге маржан,
Білмеске арзан
Надандар **баһра** ала алмас

«Абай тілі» сөздігінде ол сөзді «ләззат, әсер» деп аударған. Ал, зерттеушіғалым Ж. Есеналиева өзінің «Абай және шығыс тілдері» атты монографиясында бұл мағынада қолданылуын қатеге санайды. Парсы тіліндегі «бәһра» сөзі көп мағыналы.

1. Часть, доля;
2. Польза, выгода;
3. Прибыль;

Абай бұл фарсизмнің бірінші мағынасын емес, екінші «пайда» мағынасын қолданған. Араб, парсы сөздерінің семантикалық структурасының кеңеюі, жаңа ұғымдарды беруде өзінің алғашқы мағынасын жоғалтуы ол сөздердің өте ертеден бастап енгенін көрсетеді [8, 18].

Абай шығармасында жиі ұшырасатын «**артық білу**» тіркесі бар. Ақын шығармасында «артық білу» тіркесі жаңаша мән алады, ақын шығармасында тіркес ойлы ұғым туғызады. Ғұлама білу жайын артық білуге нұсқап, ал артық білуден артық ғылым жайын толғай келе артық ғылым кітапта екенін жеткізген. Бұдан бөлек, Абай түсіндірмек болған ғылымның баспалдағы болатын бұл ұғымдар қара сөздерінде де төмендегідей өрбиді:

Біреуі – **білсемекен** демеклік. Біреу ақыл айтса: «Ой, тәңірі-ай, кімнен кім артық дейсің!» – дейміз, **артығын білмейміз**, айтып тұрса ұқпаймыз. Қайта, бала күнімізде жақсы екенбіз. *Білсек* те, *білмесек* те, *білсек екен* деген адамның баласы екенбіз (Жетінші сөзден). Екінші – ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен *білмек үшін* үйренбек керек (Отыз екінші сөзден). Ол екеуінің орталарында болған нәрселердің қайсысы жибилі, қайсысы кәсиби – оны *білмек керек*. Кімде-кім сырттан *естіп білу*, *көріп білу* секілді нәрселерді көбейтіп алса, ол – көп жиғаны бар адам (Қырық үшінші сөзден).

Ақынның барлық шығармаларында жоғарыдан талданып келе жатқан концептілік ұғым және оған қатысты ой мен идея көрініс беріп отырады. Бұл да болса, Абай сөзі астарының тереңдігі мен ойының кемелдігі, өміршеңдігі мен өзектілігі деп білеміз.

Артық ғылым ізденген адам өз орнын міндетті түрде тауып, бір кетікке кірпіш болып қаланары анық. Жаңаны білуге, білгенді берік бекітуге ерінбеу керек. Абайдың ғылымға бағыттаған баспалдақ жолы осы деп білеміз. Бір ғалымды көріп, соның ілімі, білімі көңіліңе жақса, білгенін сұрауға ұялмай, артынан еруге жалқауланбай, талаптану – Абай нұсқаған ғылымның бастаулары осы бір әрекеттерде жатыр.

Ақын тілінің прагматикалық сипаты, суреттеу шеберлігі, көркемдік әдістерді орынды қолдану арқылы көркем мәтіннің эмоциялық бояуын

айшықтап тұрғаны кемеңгер ақынның поэтикалық тілінің жетік екенін ғана емес, тұлғалық кемелдігін білдіреді. Ал шығармаларынан білім-ғылымның иісі аңқып тұратын ақынның ғылымконцептісін концепті деп танытып, сөз етпей кету болашаққа ұрпағына сын болар.

Ақын шығармаларының ғылым концептісіне қатысты когнитивті ерекшелігі – оқырманға өз дүниетанымын, көзқарасын, ойын ашық, нық жеткізген ақынның мәтін мазмұнын тасымалдаушы сипатынан көрініс тапса, прагматикалық ерекшелігі – айтушының өз тыңдаушысын «көндіру» бағытында іске асырылатын сөйлесімдік ықпал етуінде. Білім-ғылымның пайдасына көз жеткізіп, кей білімге кеш жеткен ақынның өмірлік тәжірибесі өзге оқырманға үлгі болып, білімге ертерек ұмтылып, ғылымның шыңына ертерек шықсын деген ақын арманы жастарға насихат түрінде айтылып отыр. Ақынның білімге қатысты ойлары, пікірлері, тұжырымдамалары уақыт тезіне қарамастан, әркез өзекті тақырыптардың негізі болып қала бермек. Абайдың болмаса да ұқсап бақ деп отырғаны да арғы ойының ғылымға шақырғанынан туындаған.

Қорытынды. Абайтанушы академик Ғарифолла Есім: «Абайдың өз сөзімен айтсақ, Абайға «әркімнің де бар таласы». Әрбір зиялы қазақтың Абай туралы пікір айтуы түсінікті және орынды. Ақын барша қазақ жұртына ортақ болғанмен, әркімнің өз Абайы болуы да мүмкін. Әр адамның, әр ұрпақтың Абайды өзінше қабылдауына таңғалуға болмайды», – дейді [9, 78]. Абай өз туындыларында ғылымды үйренушілер үшін гуманистік және жоғары деңгейдегі рухани қарым қатынас этикасы мәселесін алдыңғы қатарға қойды. Оның шығармаларындағы ғылым ұғымына негізделген, сол ұғымды нақтылайтын сөздер мен сөз тіркестері терең философиялық ойларымен, мағыналылығымен, концептуалдылығымен ерекшеленеді. Абай ғылым ұғымына түсінік, ұғым, мағына беруде үлкен дүниелерге барған жоқ, жай ғана ғылым ұғымын анықтап, баяндай салу арқылы сол ұғымды оқырманына жеткізе білді. А. Құнанбаев шығармаларындағы ғылым концептісі өміршеңдігімен айрықшаланады. Ол қазақ халқының ойлау танымындағы сол кезеңдегі түсініктерді бүгінгімен болжай алды. Оның қара сөздеріндегі, өлеңдеріндегі ғылым, білім үйренуге бағытталған философиялық ойлар қазіргі уақытта үлкен маңызға ие болып отыр. Абайдың ғылым иегерудегі қойған талабы да, насихаттауы және оны кәдеге асыру мәнін айшықтап кетуі басқа қаламгерлерден ғылымды ерте түсініп, тез болжауында деген қорытындыға келеміз. Ал, қазіргі заман Абай айтқан ғылым мен білімнің заманы екенін уақыт өзі дәлелдеп отыр.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Абай тілі сөздігі [Мәтін]. – Алматы: Өнер, 2011. – 616 бет.
- 2 Сыздықова, Р. Абай шығармаларының тілі. Лексикасы мен грамматикасы [Мәтін]: Көптомдық шығармалар жинағы / Р.Сыздықова. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 98 б.
- 3 Есеналиева, Ж.Ж. Абай шығармаларындағы араб және парсы сөздерінің қолдану ерекшеліктері [Мәтін]: Филология ғыл.кандидаты ғыл. дәрежесін алу дайын. дисс. Авторефераты / Ж.Ж. Есеналиева. - Алматы: 1993, - 256.
- 4 Сыздықова, Р. Абай шығармаларының тілі [Мәтін] / Р.Сыздықова - Алматы: 1968, - 225б.
- 5 Жұбанов, Қ. Абай – қазақ әдебиетінің классигі [Мәтін] / Жұбанов. - Әдебиет майданы, 1934. - 12-13 б.
- 6 Болатбекқызы, А. Абай шығармаларындағы «толық адам» мәселесі [Мәтін] / А. Болатбекқызы // Молодой ученый. - 2015. - № 8.1 (88.1). - Б. 53-55.

- 7 Есім, Ғ. Хакім Абай [Мәтін] / Ғ. Есім. –Астана: Фолиант,2012. – 400б.
- 8 Абай. Қара сөз. Поэмалар [Мәтін] / Абай. – Алматы: Ел, 1993. –272 б.
- 9 Рысқалиев, Т. Даналық пен түсініктің үлгілері [Мәтін]: Философия тарихына шолу / Т.Рысқалиев. – Алматы: Ақыл кітабы, 1999. –239 б.
- 10 Адаева, Г. Хакім болып өмір кешіру [Мәтін] / Г. Адаева. // Еуразия университеті Хабаршысы. - 2013. - № 2-3. Б.135-136.

Мақала редакцияға 21.02.23 түсті.

Б.Қ. Қамызанова, А.Салқынбай

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

КОНЦЕПТ «НАУКА» В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ АБАЯ: КОГНИТИВНО-ПРАГМАТИЧЕСКАЯ СПЕЦИФИКА

Аннотация. В современной системе языкознания особое значение и сущность учения концептуологии. В лингвистике многообразны виды концептов. Они имеют множество особенностей в структурной, семантической системе языка. Одним из таких концептов является концепт науки. В статье раскрыты языковедческие и прикладные аспекты концепта науки в произведениях Абая, в соответствии с которыми на конкретных примерах определены его особенности, смысловые типы. Также были обсуждены словосочетания в произведениях Абая, относящиеся к слову «наука», лексико-грамматические категории, раскрывающие понятие науки, использование логических, когнитивных понятий. В статье обсуждались языковые категории, отражающие понятие науки в произведениях Абая, в связи с другими областями науки, в частности, философией, социологией, литературоведением. Проанализирована когнитивно-прагматическая специфика логических, суждений и объяснений в высказываниях великого поэта. Также были выделены содержательный багаж, семантическое поле, особенности видообразования словоупотребления, словосочетаний в стихах поэта. Было открыто концептуальное поле понятия науки путем дифференциации языкового употребления Абая в соответствии с морально-этикетными принципами в различении понятия "наука". В основе произведений Абая лежит наука. Для этого главной актуальностью статьи является анализ концепта науки в изданиях Абая в соответствии с спецификой языковедческого применения..

Ключевые слова: концепт, когнитология, прагматика, наука, семантика, фраза, мораль этика, фрейм, супинальное значение

B. K. Kamyzanova, A. Salkynbay

Kazakh National University Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan

THE CONCEPT OF "SCIENCE" IN THE WORKS OF ABAI: COGNITIVE-PRAGMATIC FEATURE

Abstract. In the modern system of linguistics, the special significance and essence of the teaching of conceptology. There are various types of concepts in linguistics. They have many features in the structural, semantic system of the language. One of such concepts is the concept of science. The article reveals the linguistic and applied aspects of the concept of science in the works of Abai, according to which its features and semantic types are determined on specific examples. Phrases in Abai's works related to the word "science", lexical and grammatical categories revealing the concept of science, the use of logical, cognitive concepts were also discussed. The article discussed language categories

reflecting the concept of science in Abai's works in connection with other fields of science, in particular, philosophy, sociology, literary studies. The cognitive-pragmatic specificity of logical, judgments and explanations in the statements of the great poet is analyzed. The content baggage, semantic field, features of the speciation of word usage, word combinations in the poet's poems were also highlighted. The conceptual field of the concept of science was discovered by differentiating the linguistic use of Abai in accordance with moral and etiquette principles in distinguishing the concept of "science". The basis of Abai's works is science. For this purpose, the main relevance of the article is the analysis of the concept of science in Abai publications in accordance with the specifics of linguistic application..

Keywords: concept, cognitology, pragmatics, science, semantics, phrase, moraic ethics, frame, supine meaning

References

1. Abay tili sözdigi [Dictionary of the Abai language]. - Almaty: Art, 2011. - 616 p.
2. Syzdykova, R. Abay ығармаларының тили. Лексикасы мен грамматикасы [The language of Abay's works. Vocabulary and grammar]: Collection of multivolume works / R. Syzdykova. - Almaty: El-shezhire, 2014. - 98 p.
3. Yesenalieva, Zh. Abay ығармаларындағы arab және parsı sözderiniń qoldanw erekşilikleri [Peculiarities of usage of Arabic and Persian words in Abai's works]: Candidate of Philology. degree is ready. diss. Abstract / J.Zh. Yesenalieva. - Almaty: 1993, - 25 p.
4. Syzdykova, R. Abay ығармаларының тили [The language of Abai's works]. - Almaty: 1968, - 225 p.
5. Zhubanov, K. Abay – qazaq әdebietiniń klassigi [Abai is a classic of Kazakh literature]. - Literary Front, 1934. - pp. 12-13.
6. Bolatbekkyzy, A. Abay ығармаларындағы «tolıq adam» мәselesi ["complete" in Abay's works "human" problem] / A. Bolatbekkyzy // Young scientist. - 2015. - No.8.1 (88.1). - P. 53-55.
7. Esim, Ğ. Xakim Abay [Hakim Abai] / G. Name. - Astana: Foliant, 2012. - 400 p.
8. Abay. Qara söz. Poémalar [Abay. Black word. Poems] / Abai. - Almaty: El, 1993. - 272p.
9. Ryskaliev, T. Danalıq pen tüsiniktiń ülgileri [Models of wisdom and understanding]: A review of the history of philosophy / T. Ryskaliev. - Almaty: Akyl Kitab, 1999. - 239p.
10. Adaeva, G. Xakim bolıp ömir keşirw [Forgive life as a judge] / G. Adaeva // Eurasia University Bulletin, 2013. - No. 2-3, P.135-136.